

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК-да сыбайлас
жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау және сыбайлас жемқорлықтың кез келген
көріністеріне төзбеушілік ахуалын құру мәселелері бойынша ынтымақтастық
туралы
МЕМОРАНДУМ

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы «Р» сәуір

«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – ҰШМУО), бір жағынан, және «Жемқорлыққа қарсы бірінші медиа орталық» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – ЖҚБМО), екінші жағынан, ҰШМУО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын құру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы осы меморандумға (бұдан әрі-Меморандум) қосылған бұдан әрі «Тараптар»,

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді назарға **АЛА ОТЫРЫП**;

Сыбайлас жемқорлықтың экономикалық қауіпсіздікке нұқсан келтіретіндігімен, ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретіндігімен және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі келтіретіндігімен **КЕЛІСЕ ОТЫРЫП**;

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты қабылдамау ахуалына қол жеткізудің маңыздылығын және негізгі тіреуі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына қарсы алдын алу жағдайларын жасауға бағытталуы тиіс сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту қажеттілігін **ТҮСІНЕ ОТЫРЫП**;

Қазақстанның тұрақтылығын, әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі, құқықтық мемлекет құрудағы, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы және сыбайлас жемқорлықты жоюды қамтамасыз ету бойынша қызмет түріне қарамастан, денсаулық сақтау жүйесінің барлық қатысушыларының әлеуметтік жауапкершілікті қабылдау қажеттілігіндегі денсаулық сақтау жүйесінің маңызды рөлін **МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП**, төмендегілер туралы осы Меморандумға қосылды:

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Меморандумның мақсаттары мен міндеттері

Осы Меморандумның мақсаты сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын нығайту болып табылады. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және дүниетанымды қалыптастыру.

Меморандумның негізгі міндеттері Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру,

сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен іс-шаралар (семинарлар, тақырып бойынша кездесулер, дөңгелек үстелдер, диалог алаңдары және т.б.) өткізу болып табылады.

2-бап. Меморандум мәні

1. Осы меморандум ынтымақтастықтың жалпы және ерекше мәніне ие.

2. Тараптардың сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік ахуалын құру сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті тәрбиелеу жөніндегі қызметті дамыту жөніндегі бірлескен және келісілген іс-әрекеттер осы Меморандумның жалпы мәні болып табылады.

3. Осы Меморандумның ерекше мәні ынтымақтастық бағыттарына қарай айқындалады.

3-бап. Меморандум Тараптары

1. ЖҚБМО, осы Меморандум тараптарының бірі бола отырып, ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша қызметті үйлестіру бойынша міндеттемелерді өзіне алады.

2. ҰШМҮО, осы Меморандумға қосыла отырып, барлық қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға тарту мәселелері бойынша міндеттемелерді өзіне алады.

2-тарау. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

4-бап. Мыналар:

- 1) Негізінде іс-шаралар құрылатын және іске асырылатын ақпарат алмасу;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен және ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізу;
- 3) Бағдарламаларды (міндеттерді) іске асыру және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын енгізу;
- 4) Әлеуетті серіктестермен (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық ұйымдардың және билік органдарының өкілдерімен) кездесулер ұйымдастыру, семинарларға, симпозиумдарға, қысқа мерзімді оқу бағдарламаларына қатысу;
- 5) Жоба шеңберінде ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету;
- 6) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу және олардың салдарларын жою арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

3-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5-бап. Басқа да шарттар

1. Осы Меморандумның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар бойынша барлық шығыстарды Меморандумның әрбір Тарапы өз бетінше көтеретін болады.

2. Тараптар осы Меморандумды бірлескен қызмет бойынша заңды және қаржылық міндеттемелерге әкеп соқтырмайтын ниет ретінде қарастырады.

3. Тараптар сондай-ақ осы Меморандум шеңберінде ешқандай іс-қимыл Тараптардың ешқайсысының қандай да бір өкілеттіктері мен құқықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс екенін негізге алады.

4. Осы Меморандум оған екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және екі Тарап оны екі жақты келісім бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша кемінде 30 күн бұрын екінші Тарапты алдын ала хабардар ете отырып, бұзған сәтке дейін қолданылады.

6-бап. Үйлестірушілер

Осы Меморандумды іске асыру үшін Тараптар үйлестірушілерді тағайындайды. Осы Меморандум шеңберінде өткізілетін барлық іс-шаралар Тараптардың үйлестірушілерімен келісілуі тиіс. ҰШМҰО тарапынан кешендік қауіпсіздік жөніндегі менеджер - Нұртазин Алмат Бектұрсынұлы – үйлестіруші болып табылады, қызмет.тел. 707-578, ұялы тел. 87015335839, ЖҚБМО тарапынан

үйлестіруші болып табылады.

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
«ҰШМҰО» Басқарма Төрағасы**

**«Жемқорлыққа қарсы бірінші
медиа орталық» республикалық қоғамдық
бірлестігі Төрағасының орынбасары**



Н.С. Ахильбеков

Р.Е. Асылбеков